

## **Қазақ КСР соттарының істерді қосымша тергеуге қайтаруды реттейтін қылмыстық іс жүргізу нормаларын қолданудың кейбір мәселелері туралы**

### *Күшін жойған*

Қаулы Қазақ КСР Жоғарғы Соты Пленумы 1989 жылғы 30 маусым N 5. Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2001.12.13. N 19 қаулысымен. ~P01019s.

Соттардың істерді қосымша тергеуге жіберу тәжірибесін талқылап, Қазақ ССР Жоғарғы сотының Пленумы мынаны атап көрсетеді: республика соттары, әдетте, істерді қайта қарауға негізді түрде жібереді, өйткені анықтама және алдын ала тергеу органдары қылмыстық іс жүргізу заңының нормаларын елеулі түрде бұзуға әлі де болса жол беріп келеді, кейбір істер бойынша дәлелденуге тиіс мән-жайлардың бәрін анықтамайды. Атап айтқанда, қылмыс жасаудың себебі, мақсаты, әдісі, қылмыстық істің барлық көріністері анықталмайды, келтірілген нұқсанның сипаты мен мөлшері айқындалмайды, оны өтеуге шаралар қолданылмайды, қылмыс жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайлар ашып көрсетілмейді. Тергеу органдары барлық жағдайда бірдей айыпты адамдардың дәлелдемелерін толық және объективті түрде тексермейді, айыптының қорғану праволарының бұзылуына жол береді. Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 158-статьясының талаптарын бұза отырып айып тағылады, заңның басқа да талаптарын орындамайды.

Аталған заң бұзушылықтарына жекелеген судьялар (соттар) тиісінше баға бермейді, істерді жеткілікті түрде мұқият зерттемейді, осының салдарынан айыптыны сотқа тартқан кезде істі сот мәжілісінде қарау үшін негіздердің жеткілікті екендігі туралы мәселе әрдайым дұрыс шешіліп отырмайды.

Істерді тәртіптеуші немесе сот мәжілісінен қосымша тергеуге қайтарғанда, кейбір соттар заңды бұзып, дәлелдемелердің айқындығына, айыптың дәлелденгеніне немесе дәлелденбегеніне баға береді.

Сот мәжілісінде тексеруге болатын мәселелерді зерттеудің орнына істерді қосымша тергеуге жіберу фактілері кездеседі.

Кейбір соттар елеулі түрде толық анықталмаған немесе алдын ала тергеу толық жүргізілмеген жағдайда айыптау үкімдерін шығарады, мұның өзі оларды бұзуға және істерді жаңадан тергеуге жіберуге әкеп соқтырады.

Кей кезде іс бойынша айыпты растайтын дәлелдемелер жиналмаған, ал оларды жинау мүмкіндігінің бәрі пайдаланылып болған жағдайда соттар ақтау үкімін шығарудың орнына істі қайта тергеуге жібереді.

Істерді қосымша тергеуге жіберу туралы сот ұйғарулары әрдайым заң талаптарына сай келе бермейді.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Пленумы қаулы етеді:

1. Сот әділдігін жүзеге асырған кезде заңдылықты одан әрі нығайту үшін қылмыстық істер бойынша толық, жан-жақты әрі объективті түрде анықтама және алдын ала тергеу жүргізудің маңызы зор екендігіне соттардың назары аударылсын. Сондықтан соттар анықтама және алдын ала тергеу материалдарына қойылатын талапты күшейтуге тиіс.

2. Айыптыны сотқа беру кезінде судьялар (соттар) қарауға келіп түскен істерді мұқият зерттеуі керек. Егер жүргізілген анықтама немесе алдын ала тергеу толық болмай, оны сот мәжілісінде толықтыру мүмкін болмаса, қылмыстық іс жүргізу заңы елеулі түрде бұзылса не Қылмыстық істер жүргізу Кодексінің 214-статьясында көрсетілген басқа негіздер болса, істер қосымша тергеуге қайтарылып, олардың сотта қаралуын тағайындауға жол бермеуге тиіс.

Істі тәртіптеуші мәжілістен қосымша тергеуге жіберу туралы мәселені шешкен кезде соттар Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 206, 208, 214-статьяларын және СССР Жоғарғы Соты Пленумының "Айыптыны сотқа берген кезде соттардың заңды қолдану тәжірибесі туралы" 1980-жылғы 28-ноябрьдегі N 8 қаулысында айтылған айыптыны сотқа берген кезде дәлелдемелер істі сот мәжілісінде қарау үшін жеткілікті ме сол жағынан ғана бағаланатыны туралы, судья немесе сот айыптының дәлелденгені немесе дәлелденбегені туралы, сол немесе басқа дәлелдеменің анық не күмәнді екені туралы, бір дәлелдеменің екінші дәлелдеме алдындағы артықшылығы туралы тергеу органдарының тұжырымын алдын ала бағалауға правосы жоқ екендігі туралы түсініктемелерді қатаң басшылыққа алуы керек.

3. Анықтама немесе алдын ала тергеудің олқылығын сот мәжілісінде толықтыру мүмкін болса, істерді қосымша тергеуге қайтаруға болмайтыны туралы соттарға атап көрсетілсін.

Анықтаманың немесе алдын ала тергеудің толық еместігі анықталған жағдайда сот Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 15-статьясының талаптарына сәйкес істі дұрыс шешу үшін елеулі мән-жайлардың бәрін, оның ішінде сотта іс жүргізу барысында мәлім болған мән-жайларды мұқият зерттеу арқылы оны толықтыруға шаралар қолдануға тиіс.

4. Сот мәжілісінде толықтырылмайтын олқылықтар деп соттар мынадай жағдайларды есептеу керек. Егер іс бойынша жаңадан дәлелдемелер іздеп табу немесе қылмысқа қатысы бар басқа адамдарды табу, не сотта іс қараудың процессуалдық формасының ерекшеліктерін сақтай отырып орындау мүмкін болмайтын әрекеттерді жасауға байланысты тергеу және өзге процессуалдық әрекеттер жүргізуді талап ететін толық еместіктер болса.

5. Анықтама немесе алдын ала тергеудің толық еместігін болғызбау үшін экспертиза жасау талап етілсе, бұл жағдайларда сот, әдетте, істі қайта тергеуге экспертиза жасау қосымша документтер, айғақтық заттар мен үлгілер іздеп табуға, алуға, айыптау қорытындысында көрсетілген айыптауды неғұрлым ауыр айыптаумен немесе істің шын мән-жайынан елеулі айырмашылығы бар айыптаумен өзгертуге әкеп соқтыратын жаңа анықтауға байланысты болған реттерде жібереді.

Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 170-статьясында көзделген экспертиза тағайындаған немесе жүргізген кезде айыпкердің праволарының бұзылуына байланысты болғанда да, егер бұл бұзушылықты сот мәжілісінде түзеу мүмкін болмаса, іс қосымша тергеуге жіберілуі мүмкін.

6. Айыпкердің ақыл-есінің дұрыстығына күмән келтіретін жеткілікті негіздер болған жағдайда, сот-психиатриялық экспертиза жүргізу үшін іс тәртіптеуші мәжілістен қосымша тергеуге қайтарылуға тиіс, өйткені мұндай күмәндау айыпкерді сотқа беруге кедергі келтіреді.

Егер аталған күмән сотта іс қарау барысында туса, сот өзі экспертиза тағайындауға праволы.

7. Соттар айып тағуды растайтын қажетті мән-жайлары жоқ және қосымша дәлелдемелер жинау үшін барлық мүмкіндіктер таусылған істерді қайта тергеуге қайтару фактілерін болғызбауға тиіс. Мұндай жағдайда сот ақтау үкімін шығаруға немесе тек қана дәлелділігі күмән келтірмейтін айып бойынша айыптау үкімін шығаруға тиіс.

8. Соттар сотталушының жеке басының кім екені туралы мәліметтерді жан-жақты, толық және объективті түрде зерттеуі қажет екенін ескеруі тиіс, өйткені мұндай мәліметтер жазаның түрі мен мөлшерін тағайындау үшін елеулі маңызы бар. Атап айтқанда, сотталушының дәл жасын, денсаулық жайын, семья жағдайын, еңбекке, оқуға қатысын, жұмыстағы және өндірістегі мінез-құлқын, бұрын сотталу, жазадан босатылу негіздерін анықтау қажет.

СССР Жоғарғы Соты Пленумының "Соттардың жаза тағайындаудың жалпы негіздерін қолдану тәжірибесі туралы" 1979-жылғы 29-июньдегі N 3 қаулысының 3-тармағында айтылған түсініктемеге сәйкес сот мәжілісінде толықтырылуы мүмкін болмай қалған сотталушыны жеткілікті түрде толық сипаттайтын мәліметтердің болмауы, егер бұл олқылықтар істің дұрыс шешілуіне ықпал етуі мүмкін болған жағдайда, анықтаманың немесе алдын ала тергеудің толық болмауы себепті, істі қосымша тергеуге жіберу үшін негіз болуы мүмкін.

9. Соттар СССР Жоғарғы Соты Пленумының "Үкімнің орындалуын кейінге қалдыруды қолдану жөніндегі сот практикасы туралы" 1985-жылғы 21-июньдегі N 8 қаулысының 17-тармағының үкімнің орындалуын кейінге қалдыру мерзімі аяқталғаннан кейін сотталған адам жаңа қылмыс жасаған ретте мұндай қылмыс

туралы істі сот онда сотталған адамды жазадан босату туралы не оны бірінші үкім бойынша тағайындалған бас бостандығынан айыру жазасын өтеуге жіберу туралы мәліметтер болған жағдайда ғана қарауы мүмкін екендігі туралы талаптарын қатаң сақтауы керек. Мұндай мәліметтер болмаса және оларды сот мәжілісінен алу мүмкін болмаса, жаңа қылмыс туралы іс қосымша тергеуге жіберілуге тиіс.

10. Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 214-статьясының 1-бөлігінің 2-тармағында, 242-статьясында көзделген негіздер бойынша, егер анықтама немесе алдын-ала тергеу органдары жіберген қылмыстық іс жүргізу заңының бұзылуы процеске қатысушыларды заңмен кепілдік берілген праволарының айыруға немесе оны шектеуге әкеп соқтырса, не басқа жолмен істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті зерттеуге ықпал етсе, немесе ықпал етуі мүмкін болса, іс қосымша тергеуге жіберілуі мүмкін екендігі соттарға түсіндірілсін.

Мына жағдайдың бәрінде іс қосымша тергеу жүргізу үшін қайтарылуға тиіс, егер:

- Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 120-статьясының талаптары бұзылып, алдын ала тергеудің орнына анықтама жүргізілсе;

- тергеу істі қысқарту не тап сол адам жөнінде нақ сол қылмыс бойынша іс қозғаудан бас тарту туралы бұрын шығарылған қаулы бұзылмай жүргізілсе;

- жаңа айып бойынша өзге адам жөнінде басқа істен жеке іс жүргізуге бөлінген материалдар бойынша алдын ала тергеу іс қозғалмай жүргізілсе;

- айып таққан кезде Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 158-статьясының талаптарын бұзуға жол берілсе; Қылмыстық кодекстің статьясы, бөлігі, тармағы, айыпкердің нақты әрекеті көрсетілмесе, бірнеше қылмыс жасалған жағдайда олардың әрқайсысына заңды баға берілмесе және басқалары;

- айыптау қорытындысында берілген айыптың формулировкасының қойылған айыптан елеулі өзгешелігі болса;

- тергеуді Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 38-статьясына сәйкес отвод берілуге тиіс адамдар жүргізсе;

- Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 24-статьясының алдын ала тергеу жүргізілген кезде, оның ішінде айыпкер жауапқа қабілетті деп танылғанымен, ақыл-есі ұдайы немесе уақытша бұзылуынан зардап шексе, яғни өзінің дене жаратылысы мен ақыл-есінің кемдігінен қорғану правосын жүзеге асыра алмайтын адам болса, қорғаушының міндетті түрде қатысуы туралы талабы бұзылса;

- айыпкердің істің барлық материалдарымен танысу правосы қамтамасыз етілмесе;

- айыпкердің немесе іске қатысушы басқа адамдардың іс үшін елеулі маңызы бар мән-жайларды егер бұл мән-жайларды соттың анықтауы мүмкін болмаса, анықтау туралы өтінішінен негізсіз бас тартса;

- айыптау қорытындыда тағылған айыпты қуаттайтын дәлелдемелер көрсетілмесе;

- Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 11-статьясын бұза отырып, іс жүргізілетін тілді білмейтін айыпкер үшін аудармашыны қатыстыру қамтамасыз етілмесе, мұның өзінде аудармашы беру қажеттігі туралы мәселені ондай өтініш болған жағдайда ғана емес, сондай-ақ бұл адамның аудармашысыз қорғану правосын толық көлемде жүзеге асыруы қиын екендігін дәлелдейтін кездерде де шешу керек.

11. Сот мәжілісінде сотталушының басқа қылмысты жасағаны анықталса, ол бойынша оған айып тағылмаған болса, сот Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 283-статьясының талаптарына сәйкес жаңа айып алғашқы айыппен байланысты ма, сондай-ақ бұл істерді жеке-жеке қарау үшін мүмкіндік бар ма, соны тексеріп осыған сәйкес істі қосымша тергеуге қайтару туралы немесе жаңа айып бойынша іс қозғау туралы және бөлінген материалдарды тергеу жүргізу үшін жіберу туралы мәселені шешуге тиіс.

12. Егер сотта іс жүргізу барысында қылмыстық жауапқа тартылмаған адамның қылмыс жасағанын көрсететін мән-жайлар анықталса, сот Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 284-статьясына сәйкес бұл адам жөнінде қылмыстық іс қозғауы мүмкін және оны тергеу жүргізу үшін жібереді.

Қайта қозғалған іс қаралып отырған іспен тығыз байланысты болған ретте және оларды жеке-жеке қарау Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 15-статьясы талаптарының орындалуын қамтамасыз етпесе, сот барлық істі қосымша тергеуге жібереді.

Мұның өзінде Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 14-статьясының 11-тармағына сәйкес іс қозғау қажеттігін сот тапқан жағдайда, анықтау органының, тергеушінің және прокурордың істі тоқтату туралы немесе тап сол факт бойынша іс қозғаудан бас тартуы туралы қаулысымен ол байланысты емес екендігі ескерілуге тиіс.

13. Соттың ұйғаруында істі қосымша тергеуге қайтару үшін негіз болған мән-жайларға байланысты, айыптың мазмұнын қысқаша баяндаудан басқа мыналар көрсетілуге тиіс екендігін соттар ескеруі керек:

- анықтаманың немесе алдын ала тергеудің толық еместігі нақты неден көрінеді және соттың оны сот мәжілісінде толықтыру мүмкіндігі не себептен болмады, қосымша қандай мән-жайлар анықталуға тиіс;

- қылмыстық істер жүргізу заңында қандай елеулі бұзушылықтар жойылуға тиіс;

- айыпкерге бұрынғы тағылған айыпқа байланысты жаңа айып тағу үшін не айыпты неғұрлым ауыр айыппен немесе нақты мән-жайлар бойынша айыптау қорытындыда айтылған айыптау елеулі түрде айырмашылығы бар айыппен өзгерту үшін негіздер бар екендігін, сондай-ақ басқа адамдарды қылмыстық жауапқа тарту қажеттігін қандай мәліметтер дәлелдейді, олар туралы материалдарды жеке іс жүргізу үшін бөлуге неге болмайды;

- істер неліктен дұрыс біріктірілмеген немесе дұрыс бөлінбеген.

Істің нақты мән-жайларын ескере отырып, сот ұйғаруында тергеу кезінде жол берілген бұзушылықтың сипаты (мысалы, жаңа айып тағу, экспертиза өткізу, беттестіру, Қылмыстық істер жүргізу кодексі нормаларының елеулі түрде бұзылуын жою, азаматтық талаптың немесе мүлікті конфискелеу мүмкіндігін қамтамасыз етуге шаралар қолдану және т.б.) талап еткен жағдайда сол және басқа процессуалдық әрекеттер жүргізуді ұсына алады.

Істі қосымша тергеуге қайтару туралы ұйғарудың қорытынды бөлігінде істің аты, оны қосымша тергеу үшін прокурорға жіберу туралы, айыпкер жөніндегі тоқтату шарасы туралы және ұйғаруға шағым протест жасау тәртібі туралы нұсқау болуға тиіс.

14. Соттардың назары істі қосымша тергеуге қайтару туралы ұйғаруында айыптың дәлелділігі, сол немесе басқа дәлелдің анықтығы және бір дәлелдің басқа дәлел алдындағы артықшылығы туралы мәселелерді, сондай-ақ алдын ала тергеу барысында тексерілуге тиіс мән-жайлар анықталған деген қорытындыны алдын ала шешуге праволы еместігіне аударылсын.

15. Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 403-статьясына және СССР Жоғарғы Соты Пленумының "Соттардың жеке ұйғару (қаулы) шығару практикасы туралы" 1988-жылғы 29-сентябрьдегі N 11 қаулысының 9-тармағына сәйкес соттар қосымша тергеу үшін істі қайтаруға әкеп соқтырған қылмыстық іс жүргізу заңының елеулі түрде бұзылуы жайында да, сондай-ақ анықтама немесе алдын ала тергеу жүргізген кезде жол берілген басқа да бұзушылықтар мен азаматтар праволарының бұзылуы байқалған жағдайда да жеке ұйғару (қаулы) шығаруға тиіс. Бұл бұзушылықтарға жол берген лауазымды адамдардың фамилиялары жеке ұйғаруда көрсетілуге тиіс.

16. Істі қосымша тергеуге қайтару туралы соттың ұйғарымына жеке протест немесе жеке шағым келтіруге байланысты істерді қарай отырып, кассациялық инстанциядағы сот бірінші инстанциядағы соттың нұсқауын бұзуға немесе өзгертуге, не тергеу жүргізу жөнінде жаңа нұсқау беруге праволы.

Мұндай өзгерістерді қадағалау инстанциясының соттары да сот ұйғаруларына және қаулыларына енгізуі мүмкін.

17. Облыстық және Алматы қалалық соттары істердің қосымша тергеуге

қайтарылу себептеріне ұдайы талдау жасап, Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 214 және 242-статьяларын қолданған кезде соттар жол беретін бұзушылықтарды болғызбауға шаралар қолдануы қажет.

Мамандар:

(Қасымбеков Б.А.)

(Икебаева Ә.Ж.)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК